

**Түпқараған ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 100 "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 22 қыркүйектегі № 227 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 қазанда № 2848 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 3 ақпандағы № 15 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 03.02.2020 № 15 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Түпқараған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Түпқараған ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 100 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 2728 болып тіркелген, "Ақкетік арайы" газетінде 2015 жылы 25 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасына:

7 бөліміне қатысты бөліктері жаңа редакцияда жазылсын:

"7. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдар тізбесі

1. Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі."

2. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы (А. Ордабаева) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Алтынгалиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Асауов

2015 жылғы 22 қыркүйектегі № 227

Түпқараған ауданының  
әкімдігінің қаулысымен  
бекітілген

## **"Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі"**

### **мемлекеттік мекемесінің**

### **ЕРЕЖЕСІ 1. Жалпы ережелер**

1. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі ішкі саясат, мемлекеттік жастар саясаты, тілдерді дамыту, діни қызмет, қоғамдық бірлестіктердің, саяси партиялардың және бұқаралық ақпарат құралдарының жұмыстарын үйлестіру, мемлекеттік рәміздерді насихаттау салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 130500, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Д.Тәжіұлы көшесі №13, аудандық әкімдік ғимараты.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

10. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Түпқараған ауданының әкімдігі болып табылады.

11. Осы Ереже "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

14. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс режимі "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесімен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес дербес анықталады.

## **2. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

15. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

Аудан аумағында ішкі саясат, мемлекеттік жастар саясаты, тілдерді дамыту, діни қызмет, қоғамдық бірлестіктердің, саяси партиялардың және бұқаралық ақпарат құралдарының жұмыстарын үйлестіру, мемлекеттік рәміздерді насихаттау салаларындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

16. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің негізгі міндеттері:

1) дін ұстанатын және оны ұстанбайтын Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар арасында, сондай-ақ әртүрлі діни бірлестіктер арасында өзара төзімділік пен құрметтеу қатынастарын орнатуға жәрдемдесу;

2) жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

3) жастарға көмек беру және әлеуметтік қызметтер көрсету;

4) жастардың әлеуметтік маңызды бастамаларын іске асыру;

5) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру;

6) саяси партиялардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету;

7) аудан аумағында Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің пайдаланылуын (тігілуін, орналастырылуын) бақылауды жүзеге асыру;

8) Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамыту, оның халықаралық беделін нығайту;

9) Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасау.

17. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары:

1) қоғамның демократиялық институттарын нығайтуға қатысу, Қазақстанның Стратегиялық дамуының негізгі басымдылықтарын, Қазақстан халқына мемлекет Басшысының жыл сайынғы Жолдауларын түсіндіру;

2) аудан аумағында діни, үкіметтік емес, жастар ұйымдарына қатысты мемлекеттік саясатты кезектілігімен жүргізу;

3) олардың меншік нысанына қарамастан кәсіпорындарда және ұйымдарда Қазақстан Республикасының тілдер туралы заңнамасының орындалуына бақылау мен тексеруді жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының тілдер туралы заңнамасын бұзу фактілері анықталған жағдайда, оларды жою туралы ұсынымдар беру;

4) "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша әдістемелік,

ақпараттық талдау материалдарын әзірлеу және оларды іске асыру шараларын қабылдау;

5) көрнекі насихат құралдары мазмұнының Қазақстан Республикасының саяси бағытына және қолданыстағы заңнамаларға сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру;

6) ауданда болып жатқан қоғамдық процестерді жан-жақты зерттеу, талдау және реттеу, әлеуметтік зерттеулер, қоғамдық пікір сауалнамаларын жүргізу, әлеуметтік шиеленіс ошақтарын анықтау, республика, облыс, аудан өмірінің маңызды мәселелері жөнінде қоғамдық пікірді қалыптастыру;

7) өз құзыреті шегінде:

ішкі саясат, мемлекеттік жастар саясаты, тілдерді дамыту, діни қызмет, қоғамдық бірлестіктердің, саяси партиялардың және бұқаралық ақпарат құралдарының жұмыстарын үйлестіру, мемлекеттік рәміздерді насихаттау салаларындағы саясатты іске асыру жөніндегі консультациялық-кеңесші органдарының қызметін қамтамасыз ету;

жастар бірлестіктерінің дамуына жәрдемдесу және олардың қызметтерін үйлестіру;

8) қоғамдық-саяси, діни, жастар, үкіметтік емес бірлестіктердің ақпараттық базасын қалыптастыру бойынша жұмысты жүзеге асыру;

9) саяси партиялармен, ұлттық-мәдени бірлестіктермен, құқық қорғаушы, діни және басқа да қоғамдық ұйымдармен байланысты жүзеге асыру;

10) дін мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары мен ақпараттық-насихаттық іс-шараларды жүзеге асыру;

11) тұрғындар арасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарауды қалыптастыру бойынша жұмыстарды жүзеге асыру, мемлекеттік рәміздерді қолдану мен насихаттау мәселелері бойынша ұсыныстар мен нұсқаулықтар әзірлеу;

12) отбасылық-демографиялық мәселелер бойынша жұмыстар жүргізу;

13) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

18. Құқықтары мен міндеттері:

"Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құқығы бар:

1) мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иемденіп алуға және жүзеге асыруға;

2) осы Ережеде көзделген мақсаттарды жүзеге асыруға қаражаттарды пайдалануға;

3) сотта талап қоюшы және жауапкер болуға;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

"Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі міндетті:

1. Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;
2. белгіленген тәртіпте салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге;
3. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапкершілікте болуға.

### **3. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру**

19. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесіндегі басшылық "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшымен жүзеге асырылады.

20. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Түпқараған ауданының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

21. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің міндеттерін анықтайды;

2) "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін лауазымдарға тағайындайды және лауазымдарынан босатады;

3) заңнамамен белгіленген тәртіпте "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін ынталандыруды жүзеге асырады;

4) заңнамамен белгіленген тәртіпте "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолданады;

5) өз құзыретінің шегінде "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің орындауына міндетті бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік құжаттарға қол қояды;

б) мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара қарым-қатынастарда "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүдделерін білдіреді.

"Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

"Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының құзырына Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзге де мәселелерді шешу жатқызылуы мүмкін.

"Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктері қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлғамен орындалады.

#### **4. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі**

22. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамамен көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамамен өзгеше белгіленбесе, "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

25. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу Түпқараған ауданының әкімдігінің қаулысымен жүргізіледі.

26. Ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

**6. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі"  
мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату**

27. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**7. "Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйым**

28. Түпқараған ауданы әкімдігінің ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.